БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 230 (9292) | 1953 жылғы 18 ноябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Үшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысы мықтап жақсартылсын, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын оқытудағы формализм жойылсын, курстардың оқушыларына алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдануда практикалық дағдылар үйретілсін, сөйтіп, колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмысының жақсартылуы қамтамасыз етілсін.

(СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан).

Колхоз, совхоздарда агро-зоотехникалық оқу тыңғылықты ұйымдастырылсын

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығының барлық салаларының шұғыл өркендеуіне жетісу міндетін қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру ісіне советтік ауылшаруашылық ғылымы едәуір үлес қоса алады. Сондықтан колхозшылартың, совхоз жұмысшыларының агротехникалық және зоотехникалық білім алуына ерекше назар аударудың зор маңызы зор.

Облыс колхоздары мен совхоздарында ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің агротехникалық және зоотехникалық білімін арттыру мақсатымен ұйымдастырылған үшжылдық курстар 1950 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Бұл курстарда өткен оқу жылында 3 мыңға жуық колхозшылар мен совхоз жұмысшылары. біріншi жыл, 871 колхозшы, 800 совхоз жұмысшылары екінші жыл және 600 колхозшы үшінші жыл оқыды. Үшінші жыл оқыған колхозшылардан 354 адам өткен оқу жылы аяғында емтихан тапсырып, күәлікті бітіріп шықты.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне ғылым табыстары мен озат тәжрибені үйрету ісі жоғары дәрежеде, практиканың нақты жағдайымен байланыстырыла жүргізілген жерлерде, ол өзінің игі нәтижесін бермей қойған жоқ. Алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздар ғылым табыстары мен озат тәжрибені өндіріске кеңінен енгізе отырып, егіннің шығымдылығын арттыруда, мал шаруашылығын өркендетуде, сол сияқты, колхоз бен совхоз өндірісін механикаландыру, электрлендіру мәселелерін шешуде жаңа табыстарға жетті.

Алайда, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің агротехникалық және зоотехникалық білімдерін кәтеру ісі ауыл шаруашылығы өндірісінің тілектері мен мүктаждарынан, облыс колхоздары мен совхоздарында бар мүмкіншіліктерден әлі де артта қалып келеді. Көптеген аудандардағы партия, совет орындары, МТС, колхоз, совхоз басшылары агро- зоотехникалық курстарға колхозшыларды, совхоз қызметкерлерін жіберу, оларда оқу сапасын жақсарту ісіне жеткілікті көңіл бөлмейді.

Агро-зоотехникалық оқуды ұйымдастыруда орын алып келген кемшіліктер колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмыстарын жақсартуға кері әсерін тигізіп те отыр. Сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы өзінің қаулысында Преснов ауданындағы Николаев МТС-ніің басшылары білмейді емес. Бірақ, амал не, колхозшылардың агро -зоотехникалық оқуын ұйымдастыруды бұл МТС-тің басшылары мүлдем ұмыт қалдырған. Соның салдарынан МТС-тің қамтуындағы колхоздарда оқу жүргізілмек түгіл, әлі күнге дейін ұйымдастыру, оларда оқыйтын колхозшылардың тізімін алу ісі қолға да алынбаған.

Дәл осындай қолайсыз жағдайлар Соколов ауданындағы Налобин МТС-де, Ленин ауданындағы Пушкин атындағы МТС-те, Петропавл ауданындағы Асанов МТС-де де кездесіп отыр.

Агро- зоотехникалық оқудың жайы совхоздарда да нашар ұйымдастырылған. Осы уақытқа дейін бірде- бір совхозда үшінші жыл оқыйтын жұмысшылар оқуға қамтылмаған. Ал, совхоз басшылары мен мамандары үшінші жыл оқушылар үшін керекті оқулықтар мен оқу программалары жоқ деген желеуді бетке ұстап, оқуды ұйымдастыру, жүргізу ісін кешіктіріп келеді.

Үшжылдық агро -зоотехникалық курстардың оқуының осы уақытқа дейін барлық жерлерде бірдей бастамауына облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы мен оның ауылшаруашылық насихат басқармасы да кінәлі. Өйткені, олар колхоздарда агро-зоотехникалық курстардың жұмысын жақсартуға жанды басшылық жасамай отыр. Облыстық ауылшаруашылық насихат басқармасының бірде- бір маманы көп уақыттан бері колхоздарда болмаған. Сол себепті олар оқуға қай жерде әзірлік нашар болғанын жете білмейді.

Ауыл шаруашылығының жан- жақты, мықтап өркендеуін қамтамасыз ету шұғыл міндет болып отырған кәзіргі жағдайда колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын ауыл шаруашылығы ғылымының білімдерімен қаруландырудың ерекше зор маңызы бар. Сондықтан агро- зоотехникалық оқуды ұйымдастыруда орын алған кемшіліктерге бұдан былай төзуге болмайды. Партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары барлық колхоздар мен совхоздарда агро -зоотехникалық оқудың ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Агро- зоотехникалық ұйымдарда оқу-

Мал қыстату—мал шаруашылығын өркендетудің аса жауапты кезеңі

* * * * * * * * *

Үлгілі сауыншылар

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті тапсыру нормаларын кеміту шаралары туралы» қаулысы социалистік мал шаруашылығын өркендете берудің нақтылы жолдарын белгілеп берді. Бұл қаулы бүкіл халық шаруашылығының мүдделері малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін едәуір арттыруды қатты талап етіп отырғандығын көрсетеді.

Бұл міндетті ойдағыдай орындауда Ленин ауданы колхоздарының алдыңғы қатарлы сауыншылары елеулі табыстарға жетіп, қаулыға іспен жауап беруде. Олар өздерінің қажырлы еңбектерімен халықтың мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі, ал, жеңіл өнеркәсіптің шикізат жөніндегі өскелең талаптарын қанағаттандыруға лайықты үлес қосуда.

Мәселен, Калинин атындағы колхоздың сауыншылары Б. Естемесова, Ж. Сейтахметова жолдастар сыйыр сауудың озат әдістерін қолдана отырып, биылғы жылғы өндірістік жоспарларын асыра орындап шықты. Кәзір олар жоспардан тыс сауда. Олар өздерінің іс тәжрибелерін үйретіп, басқалардың да қарқынды еңбек етулеріне ерекше көңіл бөледі. Озат сауыншылар Ұлы Октябрь революциясының 36 жылдық мерекесі қарсаңында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, мерекені өндірістік зор белсенділікпен қарсы алған еді.

Олар мереке алдындағы қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, кәзір мал қыстату маусымының үлгілі өткізілуі үшін күресуде.

А. МҰСАИПОВА.



Мамлют асыл тұқымды мал совхозының «Веточка» атты сыйырынан 300 күннің ішінде 6705 литр сүт сауылып алынды. Кей күндері ол 35,5 литр сүт береді.

СУРЕТТЕ: сүтті көп беретін «Веточка» сыйыры.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ұйымшылдықпен кірісті

Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мүшелері Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысына нақтылы іспен жауап бере отырып, мал қыстату маусымына әзірлікті жылдамдатуда.

Игі жұмыстар

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі партия мен үкмет қамқорлығымен жігерленген Пушкин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Соколов ауданы) мүшелері мал шаруашылығын өркендету, қоғамдық малды құнарлы азықпен, жылы қорамен қамтамасыз ету жолындағы күресте едәуір табыстарға жетті. Олар мал қораларын жөндеуді деркезінде аяқтады. Жаңадан 100 бас мал сыятын бір қора салып, оны пайдалануға берді. Сүлік түсісімен малдар жасына, қондылығына қарай іріктелпі, жайлы орындарға күтімге қойылды.

Кәзір дайындалған жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасу қызу жүргізілуде.

Мал басын тез есебінен көбейту жөнінде де артель мал өсірушілері кейбір табыстарға ие болуда. Мәселен, сауыншы П. Семенова жолдас өзіне бекітіліп берілген 14 сыйырдан 14 бұзау алып, шығынсыз өсірді. Бұзау күтуші Ф. Семенова қарауындағы 35 бұзауды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтіп, қоңды өсіріп келеді. Мұндай табыстарға торпақтарды күтуші М. Қарабеков және Штольц жолдастар да жетісіп отыр.

Фермалардағы мал күтушілер озат және тәжрибелі колхозшылар есебінен толықтырылған. Жемшөпті үнемді жұмсау мақсатымен малды азықтандыру кезінде азықты өлшеп беруге арнаулы адам бөлінген.

Халықтық демократия елдерінде

Польшада ұсақ сауда бағасының кемітілуі

ВАРШАВА, 15 ноябрь. (СОТА). Халықтың материалдық әл-ауқат тұрмысын мұнан әрі жақсарта беру мақсатын көздеп және оның сатып алу мүмкіншілігін көтере беру үшін Польша Халық Республикасының Министрлер Советі 1953 жылғы 15 ноябрьден бастап азықтүлік, өнеркәсіп товарларының бөлшек сауда бағаларын, сол сияқты, тұтынушыларға қызмет етудің бағаларын кеміту туралы қаулы қабылдады.

Қаулыға сәйкес нанның және нан тағамдары өнімдерінің бағасы орта есеппен 7-12 процент, кептірілген нанның бағасы 42 процент, кондитер тағамдарының бағасы 10 процент, қант 13,5 процент, тағы басқалар кемітілді.

Сол сияқты, халық көп тұтынатын өнеркәсіп товарларының бағасы да кемітілді.

Қаулыға сәйкес ресторан, асхана және басқа көпшілік тамақтанатын кәсіпорындарында да тағам бағалары кемітілді.

Кәзіргі бағаның кемітілуі, делінген қаулыда, еңбекші халыққа бір жылдың ішінде 4 миллиард 500 миллион злотых сомасындай пайда келтіреді, ал, маусымдық бағалардың кемітілуін қоса есептегенде еңбекшілердің жылдық пайдасы 5 миллиард 400 миллион злотых болады.

Венгрияда сауданың өрістетілуі

БУДАПЕШТ, 15 ноябрь. (СОТА). Соңғы уақытта бағаның кемітілуі және басқа қолданылған шаралардың нәтижесінде Венгрияда халықтың тұрмыс дәрежесі едәуір көтерілді. Мұны, атап айтқанда, товар айналымының өркендеуінен көруге болады. 1953 жылдың сентябрінде өткен жылдың сентябрімен салыстырғанда, мемлекеттік бөлшек саудасында товар айналымы 23,7 процент, кооперативте —23,1 процент артқан.

Товарларға халықтың үнемі өсіп отырған тілегін ойдағыдай қанағаттандыру үшін сауда орындары кеңейтіліп, товарлардың ассортименттері ұлғайтылуда.

сынды: «Ушжылдық агро- зоотехникалық курстардың жұмысы мықтап жақсартылсын, қолхозшылар мен совхоз жұмысшыларын оқытудағы формализм жойылсын, курстардың оқушыларына алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдануда практикалық дағдылар үйретілсін, сөйтіп, колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмысының жақсартылуы қамтамасыз етілсін» деп, өте орынды атап көрсетті.

Быйыл облыс колхоздары мен совхоздарында агро -зоотехникалық курстардың оқуы 15 октябрьде басталды. Жоспар бойынша облыста үстіміздегі оқу жылы 5340 колхозшылар мен 1685 совхоз жұмысшыларын қамтыйтын 350 агро -зоотехникалық үйірмелер жұмыс істеуге тиіс еді. Бұдан көзір колхоздарда 151 үйірме ғана жұмыс істейді. Оларға 2082 колхозшылар қамтылған. Соның өзінде, оқуды бастаған үйірмелердің біразы оған әзірліксіз кіріскін, оқу сапасын жақсарта алмай келеді. Міне, бұл сияқты фактілер партия, совет органдарының, МТС-тер мен колхоз, совхоздардың басшыларының агро-зоотехникалық оқуды ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға әлі де шындап батыл кіріспегенін дәлелдейді.

МТС-тің колхоз өндірісіндегі ұйымдастырушылық ролінің артуына байланысты колхозшылардың агро- зоотехникалық оқуын ұйымдастыру және оны жоғары дәрежеде жүргізу негізінен МТС басшылары мен мамандарына жүктеледі. Мұны көңіл бөлу керек. Ол үшін оқу өткізілетін үйлердің жарық және жылы болуын ұйымдастыру қажет. Үйірмелерді басқаруға жоғары және орта дәрежелі білімі бар, тәжрибелі мамандарды көбірек тарту керек. Үйірмелерді басқарушылар оқушылардың сабаққа әзірленін келуін қатаң талап етіп отыруы тиіс. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары агро-зоотехникалық оқудың жайымен күнбе-күн танысып, олардағы орын алған кемшіліктерді дереу жою жөнінде көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Ауылшаруашылық ғылымын меңгеру ісіне ең алдымен колхоздар мен совхоздардағы еңбек озаттары, ауыл шаруашылығының мамандары тартылатын болсын. Әрбір сабақ колхоз бен совхоздың өмірімен байланыстырыла өткізілуі қадағалансын. Үйірмелерде насихатталған ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді күнбе-күнгі өндірістік жұмыстарға қолдануды әдетке айналдыру керек.

Облыс колхоздары мен совхоздарында советтік агро-биологиялық ғылымды жете үйренуге ынталанушылар саны жыл сайын көбеюде. Мәселе осы ынтаны қолдауда болып отыр. Сондықтан партия, совет ұйымдары, МТС, колхоз, совхоз басшылары мен ауыл шаруашылығының мамандары бұқараның бұл инициативасын қолдап, олардың білім алуына қажетті жағдайларды туғызып отыруға міндетті.

Озат товарлы-сүт фермасы

Қазақ мемлекеттік баспасы ауылшаруашылық ғылымының кандидаты А. Панасенконың «Победа» колхозының асыл тұқымды сиыр өсіретін товарлы- сүт фермасы» деген кітапшасын басып шығарды. Кітапшада Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданындағы «Победа» ауылшаруашылық артелінің сиыр малын өсірудегі табыстары қорытылған.

Колхоздағы бес мал фермасының төртеуі —асыл тұқымды мал өсіретін фермалар. Мұнда әрбір жүз гектар егістік жерге 288 қой, 27 сиыр малы, 13 шошқа, 150-ге жуық құс өсіріліп отыр. Асыл тұқымды сиыр өсіретін товарлы-сүт фермасы сүті майлы Әулиеата сиырының асыл тұқымын тарататын орынға айналды. Соңғы жеті жылдың ішінде фермада әрбір сиырдан сауылған сүт орта есеппен 600 килограмм артты. Бұл сиырлардың ең жақсылары сауылу маусымында 4—5 мың килограмм сүт береді. Фермада өзінің тірідей салмағының артуына сәйкес мол және майлы сүт беретін сиырлар өсірілуде. Жақсы сиырлардың салмағы 500—560 килограмға жетеді. Сиырлардың жартысынан көбінің сүтінен 4 процеттен 5 процентке дейін май алынады.

Кітапшада сонымен қатар қоғамдық малды алуан түрлі жемшөппен қамтамасыз ету, жемшөп дайындайтын бригадалардың жұмысын ұйымдастыру тәжрибесі айтылған. Кітапшаның бір тарауы товарлы- сүт фермасындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға арналған.

(ҚазТАГ).

Табиғи шабындықтың шөбін молайту қорлары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы колхоздардың шабындық жерлерін жақсарту, жабайы өсетін шөптің өнімін молайту, жасанды шабындықтар жасау жөніндегі жұмыстардың қорытындысын шығарды. Жүргізілген шаралардың нәтижесінде облыстың ауылшаруашылық артельдері қосымша 400 мың центнерден аса шөп жыйнады.

Шабындықты көлдете суару қосымша шөп алудың маңызды қоры болды. Зайсан, Күршім, Таврия және басқа аудандардың колхозшылары көктемгі-жазғы уақытта 64 мың гектар шабындық пен жайылымды суарды. Осының есебінен суармалы жердің әр гектарынан алынған шөп суарылмаған участокке қарағанда орта есеппен бес центнер артық болды. Предгорный ауданындағы «Первое мая» және Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдері шабындықты көлдете суарудан зор пайда тапты. Бұлар көлдетіліп суарылған 500 гектар шабындықтан сол жерге жалғас, бірақ суарылмаған мың гектар участоктегімен бірдей мөлшерде шөп жыйнады. Мұның үстіне, суарылған жерде алшын шығып, мал бағу мерзімін ұзартуға мүмкіндік берді.

Шабындыққа үстеп шөп егу, шабындық пен жайылымды үстірт жақсарту, түбірлерді қопарып, шабындықты тазарту жұмыстары өткен жылғыдан анағұрлым зор көлемде жүргізілді.

Мұнда малдың қыста азықтануына 18600 центнер жемшөп дайындалды. Жемшөп қоры жеткілікті болуына қарамастан, егін алаңының сабаны мен топаны да мол жыйналды.

Қолда бар қоралар түгел сапалы жөндеуден өткізіліп, жаңадан 3 мал қорасы салынды. Бұл жұмысқа бөлінген арнаулы құрылыс бригадалары өнімді еңбек етіп, қоғамдық малды жайлы қоралармен қамтамасыз етті.

Колхозшылар күн сайын 120—150 центнер шөп тасып жүр.

Бұл табыс колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымының мал қыстату маусымына әзірлікті үлгілі ұйымдастырғандығының, колхозшылардың қажырлылықпен еңбек етулерінің нәтижесі.

Қ. ТӘЖІБАЕВ.

аз күн ішінде қоралар жаңына 2 мың центнер пішен, 1.000 центнер сабанды тасып үйді. Мал қоралары жаңына жемшөп тасуда С. Дүйсенбаев, Б. Мусин, Н. Матназаров жолдастар күндік тапсырмаларын үнемі артық орындап жүр.

Сол сияқты, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелі де мал қыстатуға толық әзірліктен кірісті. Мұнда , быйыл сыйыр малы үшін 5 қора, 2 төл үйі және 1 шошқа қорасы жаңадан салынды.

А. ПОПКОВ.

Колхозшылардың құрметіне бөленген

Ә. Ақпанбетов жолдастың Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде (Октябрь ауданы) жылқышы болып жұмыс істей бастағанына 5 жыл болды. Осы уақыттың ішінде ол қарамағындағы жылқыларды шығынсыз өсіріп, елеулі табыстарға ие болды. Ақпанбетов жылқы бағудың озат әдістерін үнемі қолданып отырады.

Ол өткен жылы 80 биеден 80 құлын алып, аман өсірді. Артель басқармасы оның осы еңбегін бағалап, қосымша ақыға екі құлын берді. Быйылғы жылы да 105 биеден 105 құлын алынып, шығынсыз өсірілуде.

Ақпанбетов ауыл адамдарының зор құрметіне бөленген. Артель мүшелері оны жылқы өсірудегі қажырлы еңбегі үшін орынды мақтан етеді.

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Совхоздарда мал қыстату үлгілі ұйымдастырылсын

☆

В. БОЙЧЕНКО,

ҚКП облыстық комитетінің совхоздар секторының меңгерушісі

☆

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын, әсресе, оның жетекші саласы —мал шаруашылығын жедел өркендетудің айбынды программасын белгілеп берді. Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөніндегі Пленум қойған талаптар партия мен үкіметтің еңбекшілердің материалдық және мәдени қажеттерін өтеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат молшылығын жасау жөніндегі жаңа қамқорлығының белгісі.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің Пленум қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы күресте көзіргі аса жауапты міндеті —мал қыстатуды алғашқы күннен бастап үлгілі ұйымдастыру, малды құнарлы жемшөппен, дәнді, концентратты азықтармен, жайлы қоралармен қамтамасыз ету. Тек мал қыстату жұмысы жаңжақты әзірліктен басталып, үлгілі өткізілген күнде ғана малды шығынсыз өсіруге, оның өнімділігін зрттыра беруге болатынын тәжрибе айқын дәлелдейді.

Біздің облыстың совхоз партия ұйымдары саяси- бұқаралық жұмыстарды практикалық міндеттермен байланыстыра жүргізіп, жұмысшылар мен мамандарды қажырлы еңбекке жұмылдыруда. Мәселен, Киров совхозының коллективі жемшөп дайындау жоспарын 143 процент орындап, малға құнарлы азық, концентраттың қорын мол әзірледі. Мұнда 20 мың центнерден астам жемшөп мал қыстайтын орындарға тасып алынды. Соған қарамастан шөп тасу жұмысы еселеген қарқынмен жүргізілуде. Совхозда жемшөппен қатар егіннің сабаны мен топаны қажетінше жыйналды. Сауыншылар өнімді еңбек етіп, быйыл өткен жылмен салыстырғанда әр сауын сыйырдан сүтті 28 процент артық саууға жетісті.

Малға жай және құнарлы жемшөптердің, концентратты азықтардың қорын жасауда Мамлют асыл тұқымды мал совхозында да елеуір жұмыстар істелді. Мұнда мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың көпшілігі механикаландырылған. Мал қораларында аспалы жолдар, автоматты суарғыштар, электр жарығы бар. Совхозда есімдері басқа облыстарға да белгілі озат мал өсірушілер ондап саналады. Жуырда озат сауыншылар Анохина, Есенова жолдастар еңбектегі жақсы көрсеткіштері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Мал қыстату маусымына Преснов, Тоқышын, Чистов, Приешім совхоздары да тыңғылықты әзірленді.

Бірақ, кейбір совхоздар мал қыстатуға ұйымшылдықпен кіріспей, кәзірдің өзінде-ақ қыйын жағдайға кездесуде. Егер бұл совхоздарда орын алып келе жатқан кемшіліктерді жоюға қажетті шаралар тезінен қолданылмаса, малдың шығынға ұшырау хаупі бар. Мысалға Ұзынкөл совхозын алайық. Бұл совхоз мал қыстатуға өткен жылы да әзірліксіз кіріскен еді. Жемшөп дайындау жоспары 67 процент орындалып, мал қоралары жеткіліксіз болды. Мал шаруашылығын өркендету жолындағы күрестің баяу жүргізілуі көптеген ірі қарамал мен жас төлдердің шығынға ұшырауларына, сауын сыйырлардан сүттің мейлінше аз сауылуына, қойдан жүннің кем қырқылуына әкеліп соқты. Совхоз директоры Темірбеков пен партия ұйымының секретары Грачёв жолдастар быйыл өткен жылғы кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарулары керек еді. Алайда, мұнда жемшөп өткен жылғыдан да кем дайындалды. Жай шөптерді, әсресе, егіннің сабан- топанын жыйнау жұмысының қарқыны мүлдем қанағаттанғысыз болды. Малды азықтандыру рационы белгіленбеді. Жұмысшылар арасында саяси- бұқаралық жұмыстар пәрменді жүргізілмей, социалистік жарыс тыңғылықты ұйымдастырылмады.

Мұндай елеулі кемшіліктер Буденный атындағы, Степной совхоздарында да кездеседі.

Мал қыстату —мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты кезең. Сондықтан партия ұйымдары, мал шаруашылығы жұмысшылары және механизаторлар бұл жұмысқа белсене араласулары керек. Кәзір көптеген мәселелер шұғыл шешуді тілейді. Бірқатар совхоздарда мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуі үшін жемшөп қоры жеткіліксіз болса да, егіннің сабан- топандары жыйналмастан шөп-меледе қалды. Әсресе, мал азығы өте-мөте аз дайындалған Ұзынкөл, Возвышен, Қыялы совхоздарында мал азығының бұл түрін жыйнау дұрыстап ұйымдастырылмады.

Өткен жылы Степной, Октябрь совхоздарында жемшөптің мол қоры маяда тұрғанымен тасылып үлгерілмегендіктен, бұларда малдың азықсыз қалу фактілері кездесті. Совхоздар осы сияқты кемшіліктерді қайталамай, декабрь айына дейін жемшөптің мал қыстайтын орындарға тасып алуға трактор, автомашина, көлік күштерін толық пайдалануға тиіс.

Мал басын аман сақтауда, қоңдылығын және өнімділігін арттыруда азықты дұрыс әзірлеудің, үнемдеп жұмсаудың зор маңызы бар. Өткен жылдары Чистов совхозында жемшөп, сабан туралып, буландырылып, концентратпен зраластырылып берілгендіктен мал сүйсіне жеді. Мамлют совхозында концентраттың ашытылуы сыйырдан мол сүт алуға себепші болды. Азық әзірлеудің озат әдістері совхоз директорлары мен мал шаруашылығы мамандарына әбден белгілі болса да, әлі күнге дейін өндірісте жеткілікті енгізілмей келеді. Степной, Октябрь, Шағалы, Қыялы, Ұзынкөл совхоздарында дәл осындай жағдай орын алып отыр.

Мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыруда өз ісін толық білетін, тәжрибелі кадрлар шешуші роль атқарады. Бірақ, бірқатар совхоздарда тұрақты мал шаруашылығы кадрлары жеткіліксіз. Мәселен, егін жыйнау науқаны кезінде Степной совхозында екі сауыншыға 70 сыйыр саууға тура келгендіктен, олар өнімді жұмыс істей алмады. Көптеген мал фермаларында кадрлар әлі тұрақтандырылмаған, оларда коммунистер мен комсомолецтер өте аз.

Малдың жаппай төлдеу маусымына кәзірден бастап дайындалып, оған төл үйлерін, құнарлы азықты жеткілікті әзірлеу қажет.

Партия ұйымдары мал өсірушілер арасында саяси- бұқаралық жұмыстарды өрістете түсіп, социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастырып, совхоз жұмысшыларының еңбек өрлеуін арттыра беруге тиіс. Сөйтіп, олар мал өсірушілерді СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысын қалтқысыз жүзеге асыруға жұмылдырулары керек. Бұл — бүгін таңдағы абройлы міндет.

Астанада және ірі қалаларда үлгілі универсалдық магазиндер, өнеркәсіп товарларын және азық-түлікті сататын арнаулы магазиндер ашылды.

КХДР-да өнеркәсіпті қалпына келтіру

ПХЕНЬЯН, 14 ноябрь (СОТА). Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Корей Халық- Демократиялық Республикасы ауыр өнеркәсібі басшыларының кеңесі болған. Кеңеске партия және мемлекеттің басшы қызметкерлері қатысқан.

Ауыр өнеркәсібінің министрі Ким Ду Сам өзінің баяндамасында қалпына келтіру жұмыстарының алғашқы айларының қорытындылары және ауыр өнеркәсібінің мұнан былайғы міндеттері туралы айтты. Жұмысшылардың, техникалық және әкімшілік қызметкерлерінің табандылықпен күресуінің нәтижесінде, деді Ким Ду Сам, уақытша бітімнен кейін 55-күні Лик Бон басшылық ететін завод бірінші рет болат қорытып берді, ал, Ким Чак қаласындағы металлургия заводында болатты қорытудан бастап прокатына дейін жұмыстың толық циклі жолға қойылды.

Жарыссөзде сөйлеген ауыр өнеркәсібі кәсіпорындарының басшылары қалпына келтіру жұмысындағы жұмыс тәжрибелері жөнінен пікір алысты. Кеңесте министрлер кабинеті председателінің орынбасары Тен Ир Лен сөз сөйледі.

Өнеркәсіпті қалпына келтіруде ірі табыстарға ие болған кәсіпорындардың басшыларына ауыр өнеркәсіп министрлігі мен Бүкілкорейлік кәсіподақтар федерациясының ауыспалы тулары тапсырылды.

Герман-совет достығының айлығы

БЕРЛИН, 16 ноябрь. (СОТА). Герман-совет достығы айлығының өткізілуімен байланысты кеше Меран қаласында көп адам қатынасқан митинг болып, Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман сөз сөйледі.

Араларында Батыс Германиядан да кісілер болған митингке қатысушыларға арнап, Иоганнес Дикман ұлы Совет Одағымен достықтың неміс халқы үшін ерекше мәні бар екендігін атап айтты.

Чехословак-совет достығының айлығы

ПРАГА, 14 ноябрь. (СОТА). Кәзір чехословак-совет достығы айлығының кезінде Чехословакияның барлық қалаларында совет фильмдерінің кинофестивалі өтіп жатыр. Кинофестиваль үлкен табыспен өтуде.

Чехословакияға барған совет мәдениет қайраткерлері ғылым мен мәдениеттің қайраткерлерімен, жұмысшылармен, оқытушылармен, оқушылармен кездесуде. Мұндай кездесудің өркайсысы шын достық сыйпатқа ие болуда.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету—басты міндет

Ленин аудандық XI партия конференциясы

Ленин аудандық XI партия конференциясы делегаттардың зор белсенділігімен, сын мен өзара сын кең өріс теген жағдайда өтті.

ҚКП аудандық комитетінің секретары Плевако жолдас аудандық партия комитетінің есебі жөніндегі баяндамасында, партия ұйымдарының СОКП XIX съезі директивалары мен сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы жұмысына терең талдау жасады. Совет мемлекетінің үздіксіз қамқорлығы нәтижесінде ауылшаруашылық дақылдары егісінің көлемі мен өнімі жыл сайын артып келеді. 1953 жылы көктемгі дала жұмыстары 10—15 жұмыс күні ішінде өткізілді. 1950 жылға қарағанда колхоздар бидайды 24 мың гектар артық септі. Былтыр егін тек комбайндармен жыйналды.

Партия мен үкметтің қамқорлығының нәтижесінде колхоздардың қоғамдық шаруашылығы нығайып, колхозшылардың материалдық және мәдени тұрмысы артуда. Мәселен, «Новый путь» колхозы мемлекетке астық тапсыру мен сатудан 200 мың сомнан артық табыс тапты. Колхозшы Максимов жолдастың семьясы еңбеккүнінде 518 пұт астық және 2400 сом ақша алды.

Дегенмен, ауданның шаруашылығы мен мәдениет құрылысында әлі де болса елеулі кемшіліктер жоқ емес. Аудада мал шаруашылығын өркендету жоспары тек жылқыдан ғана орындалды. Аудан колхоздары жыл сайын мал азығын дайындау жөніндегі тапсырманы орындай алмай келеді. Былтыр мал азығы небары 74 процент ғана дайындалды. «Бірлік», «Бірінші май», Аманкелді атындағы және басқа колхоздардың көрсеткіші бұдан да төмен.

Ауыл шаруашылығы мамандарын колхоздарға жіберу жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Плевако жолдас өзінің баяндамасында партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың жайына ерекше тоқталды.

Соңғы кезде аудан партия ұйымы алдыңғы қатарлы жұмысшылар, ауыл шаруашылығы мамандары, колхозшылар есебінен өсуде. Бірақ, аудандық партия комитеті жас коммунистермен жұмысқа жете көңіл бөлмеді. Осының салдарынан партия мүшелігіне кандидаттардың бірқатарының кандидаттық стажы өтіп кеткен. Баяндамашы аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің жұмысын әлсіз сынға алды.

Баяндама бойынша жарыссөзде барлығы 27 адам сөз сөйледі. Олар СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының және СССР Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын қызу қуаттай келе, аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығына басшылық стиліндегі елеулі кемшіліктерге тоқталды.

«Бірлік» колхозының председателі Аяганов жолдас Образцовая МТС-нің жұмысы жаңа міндеттер дәрежесінде сай емес дің ауыл шаруашылығын жете білмейтіндігін орынды сынады. —Олар, —деді шешен, —істің жайын жақсарту жөнінде бағалы кеңес беріп, көмек көрсетудің орнына, кемшіліктердің тізбегін жыйнайды.

Явленка орта мектебінің директоры Ғаббасов жолдас өзінің сөзінде партия ұйымдарының мектептердегі оқу- тәрбие жұмысына басшылығы туралы айтты. Явленка орта мектебінде өткен жылы 162 оқушы кластан класқа көше алмады. Мектепті бітіріп, көмелеттік аттестат алған 37 оқушыдан 26 оқушы жоғары оқу орындарына емтихан тапсыра алмады.

Сөз жоқ, бұл ең алдымен, оқытушылар коллективінің жұмысындағы тәзгісіз кемшілікті көрсетеді. Алайда, мектептегі оқу- тәрбие жұмысының нашар болуына аудандық партия комитеті және оның тиісті бөлімі де кінәлі екенін жасыруға болмайды. Аудандық комитет мектептердің жағдайын біле- тұра оқу- тәрбие жұмысын жақсарту үшін қажетті шара қолданбады. Рас, мектептердің жұмысы жөнінде пленумдар мен бюро мәжілістерінде мәселелер жиі талқыланды. Бірақ, не пайда, аудандық партия комитеті өзінің қарарларының орындалуын ұйымдастыру ісімен шұғылданбайды. Аудандық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімі мектеп партия ұйымдарының секретарьларымен семинарлар өткізуді, оларға түсінік нұсқау беруді ұмыт қалдырып келеді.

Мұнан бөлек Ғаббасов жолдас аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің партия басихатына басшылығы қанағаттанғысыз екенін айтты.

— Партия насихатына немкетті қараушылық сондай, —деді ол, —аудандық партия комитетінің жанындағы кешкі партия мектебінің сабағы көбіне өтпей қалады. Ал, өткен сабақтарға тыңдаушылардың тең жартысы қатыспайды. Осылай болатұрса да, кешкі партия мектебінің директоры, аудандық комитеттің секретары Плевако жолдастың мектепте болып, оның жұмысын жақсарту жөнінде еңбір шара қолданбауына таңымыз бар.

Куйбышев атындағы МТС-тің директоры Потякин жолдас өзі басқарып отырған МТС-тің жұмыс көрсеткіштері төмен болып келгенін айта келіп, сентябрь Пленумының қаулысын ойдағыдай жүзеге асыруда механизатор кадрлары зор роль атқаратынына тоқтады. МТС-те 55 тракторшы жетпейді. Алайда, трактористер даярлайтын курсқе небары 31 адам ғана жіберілін отыр. Кейбір колхоздардың басшылары механизатор кадрларын даярлау жұмысына немкетті қарайды. Партия, совет ұйымдары МТС-терді механизатор кадрларымен толықтыру ісіне ерекше назар аударулары қажет.

Потякин жолдас сөзінің соңында тракторларды жөндеуде қосалқы бөлшектердің жеткіліксіз болып отырғанын, МТС-тің мал дәрігерлерімен зоотехниктермен толық-

Кемшіліктер батыл сыналды

Октябрь аудандық X партия конференциясы

Жақында Октябрь аудандық X партия конференциясы болып өтті. Конференция аудандық партия комитетінің есебі туралы ҚКП аудандық комитетінің секретары Кундеренко, тексеру комиссиясының жұмысы туралы Шәріпов жолдастардың баяндамаларын тыңдап, талқылады.

Баяндамашылар және жарыссөзде сөз сөйлеуші делегаттар аудан партия ұйымының есеп беріп отырған мерзім ішінде ұйымдық жағынан нығайып, саяси шыныққанын атап көрсетті.

Алайда, конференцияда көрсетілгеніндей, аудандық партия комитеті, кейбір бастауыш партия ұйымдары партиялық- саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен нашар ұштастырады. Кадрларды іріктеп алуда және тәрбиелеуде кейбір қателіктерге жол береді. Бір жылдың ішінде 131 адам басшы партия, совет, шаруашылық қызметтерінен ауыстырылды. Аудандық партия комитетінің ұсынған адамдары Кайнар, Павликов колхоздарды басқара алмай қызметтен алынды. Аудандық комитеттің мүшелері Зенов, Сорокин, Бекішев жолдастар партия тапсырған жұмыстың дәрежесінде бола алмады.

«Щит» колхозының председателі Носков жолдас өзінің сөзінде СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы колхозшы шаруалардың арасында өндіріс тік зор өрлеу туғызғанын хабарлады. Біздің колхоздың колхозшылары, деді шешен, қоғамдық шаруашылықты өркендетуге қажырлылықпен еңбек етіп, аудандық Совет атқомі мен аудандық партия комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын социалистік жарыста жеңіп алды. Кәзір колхозда мал қыстату маусымын үлгілі өткізу, жүктемгі егіске тыңғылықты әзірлену жөніндегі күрес күннен-күнге қыза түсуде. Егер жоғарғы шаруашылық орындар колхоз өмірі мен өнімді шұғыдланып отырса, біздің өндірістік табыстарымыз анағұрлым мол болар еді. Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының еңбекті көп қажет ететін жұмыстары механикаландыру ісіне немкетті қарауы колхозшы шаруаларды қатты қынжылдырады.

Коновалов МТС-нің бас зоотехнигі Шопанов жолдас конференцияның назарын қоғамдық малдың тұқымын асылдандыру мәселесіне аударды. Чапаев атындағы, Жамбыл атындағы колхоздарда сыйыр малы тұқымының асылдандырылмауы оның өнімділігінің кем болуына әкеп соғуда.

—Бастауыш партия ұйымдары, —деді Степной совхозының директоры Морозов жолдас,—аудандық партия комитетінің тірегі екені мәлім, алайда, аудандық комитет өзінің күнделікті жұмысында бастауыш партия ұйымдарымен тығыз байланыс жасап отырмайды. Бастауыш партия қызметкерлері колхоздар мен совхоздарда

Интернатта тәрбиеленушілер арасында тәрбие жұмысын жақсартайық

Республика мұғалімдерінің съезі Қазақ ССР-нің барлық мұғалімдеріне және халық ағарту қызметкерлеріне жазған үндеуінде республика жағдайында жалпыға бірдей оқуды жүзеге асыруда қоғамдық және бюджеттік интернаттың ерекше маңызы бар екендігін ескере отырып, бұл интернаттарды онан сайын нығайту, оларды құрал- жабдық және саймандармен қамтамасыз ету, тәрбие жұмысын жақсарту керек екендігін атап көрсетті. Бұл үндеу көп жерлерде қызу қолдау тапты.

Облысымыздың бірқатар аудандарында жаңа оқу жылына әзірлік кезінде интернат үйлері сапалы жөнделіп, құрал-жабдықтармен ойдағыдай қамтамасыз етілді. Мәселен, Совет ауданындағы Смирнов орта, Аралағаш жетіжылдық, Токшын орта, Приишім ауданындағы Октябрь жетіжылдық мектептерінің жанындағы интернаттар оқу жылы басталғанға дейін қыска ойдағыдай әзірленді. Аталған интернаттардың басшылары қыска қажетті отынды, оқушылар үшін жылы киімдер мен төсек орындарды, азық- түлікті алдын-ала дайындап алды.

Сонымен бірге, бұл интернаттарда оқушылар арасында тәрбие жұмысының ойдағыдай жүргізілуіне өте- мөте зор көңіл бөлінін отыр. Оқушылар арасында саяси-тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілін отырылады. Интернатта тәрбиеленуші оқушылардың барлығы дерлік оқуды жақсы үлгереді.

Алайда, көптеген интернат басшылары интернат үйлерін қыскы маусымға алдын- ала сапалы әзірлей алмады. Еңбекшіқазақ (Бұлаев ауданы), Сартомар (Совет ауданы) мектептері жанындағы интернаттардың директорлары Қасенов, Сейпиев жолдастар жайбарақаттыққа салынып, қыска әзірлік жұмыстарын деркезінде жүргізбеді. Бұларда қажетті отын жеткілікті мөлшерде дайындап алынбаған, оқушылар жылы киіммен толық қамтамасыз етілмеген.

Сол сыяқты, интернат басшыларының оқушылар арасындағы тәлім-тәрбие жұмысын жоғары дәрежеде жүргізуге көңіл бөлуі жеткіліксіз. Аталған интернаттардың тәрбиешілері Капелькина және Ақанов жолдастар оқушылар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізбей отыр.

Облыстық оқу бөлімі жуырда жүргізген тексерісте аталған интернаттарда тәрбиеленуші оқушылардың оқу үлгеруінің қанағаттанғысыз екендігін анықтады. Бұларда әрбір тәрбиеленуші оқушы екі немесе үш пәннен үлгермейді.

Интернатқа оқушылар қабылдаған кезде олар ең алдымен медициналық байқаудан өтуге тиіс. Бірақ, Сартомар интернатының директоры Сейпиев жолдас оқу жылы басталарда 22 оқушыны интернатқа дәрігерлік комиссиясыз қабылдаған. Ал, дәрігерлік комиссия кейіннен бұлардан 12 оқушының денсаулығы нашар деп танқан.

Сартомар, Еңбекшіқазақ интернаттары жұмысындағы осы сыяқты елеулі кемшіліктерге жол берілін отырса да Бұлаев, Совет аудандық оқу бөлімдерінің басшылары шыдамдылыққа салынып, интернат басшыларынан бұл кемшіліктерді жоюды қатаң талап етпей келген.

Жалпыға бірдей міндетті оқуды жүзеге асыруда интернаттар зор роль атқарады. Сондықтан интернат басшылары интернатта тәрбиеленушілер арасындағы тәрбие жұмыстарын мейлінше жақсартып, оларды киім- кешекпен, төсек орынмен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етулері, олардың сабаққа күнбе- күн әзірлікпен келіп отыруларына қажетті жағдай туғызулары, сөйтіп, интернатта тәрбиеленуші оқушылардың сабақты жақсы және өте жақсы үлгерулеріне жетісулері керек.

С. ТАНАҚҰЛОВ,
Облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

Медицина қызметкерлеріне наградтар тапсыру

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша облысымыздың біртоп медицина қызметкерлері көп жылдар бойы мінсіз қызмет еткені үшін ССР Одағының ордендері мен және медальдарымен наградталған болатын.

Жуырда біртоп дәрігерлерге наградтар тапсырылды. Олардың ішінде Ленин орденімен наградталған облыстық ауруханаының меңгерушісі Т. Нефедов, қалалық поликлиниканың дәрігері Богородский, Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған дәрігер Меньшикова жолдастар бар.

Наградталғандардың атынан Нефедов жолдас сөз сөйлеп, дәрігерлер еңбегін жоғары бағалап, олардың табысты еңбек етуіне бар мүмкіншілікті жасап отырған Коммунистік партия мен Совет Үкметіне алғыс айтты.

ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

Үстіміздегі жылдың 10 айы ішінде облысымыздың жыйнақ кассалары өткізілген ұтыс тираждары бойынша еңбекшілерге 9 миллион 684 мың сом ұтыс төледі. Бұл өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда біржарым есе артық.

1953 жылдың тек үшінші тоқсанында ғана жыйнақ кассалары еңбекшілерге 2315960 сом ұтыс төледі, оның ішінде ірі ұтыстар шыққан 22 облигацияға 176450 сом төленді.

ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің мемлекеттік бесінші заемы бойынша 25 октябрьде өткізілген 6-ұтыс тиражы бойынша қаланың жыйнақ кассалары соңғы апталар ішінде еңбекшілерге 250 мың сом ұтыс төледі.

Жыл аяғына дейін мемлекеттік заемдардың тағы да үш ұтыс және бір төлеу тиражы бойынша ұтыстар төленеді.

ФРАНЦУЗ ХАЛҚЫ БОННЫ ЖӘНЕ ПАРИЖ ДОГОВОРЛАРЫН РАТИФИКАЦИЯЛАУҒА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 16 ноябрь. (СОТА). Кеше Францияның ең ірі 9 қаласында Батыс Германияның қаруланыуына қарсы наразылық білдірген халық жыйналыстары мен демонстрациялары болып, оларға елдің 20 департаментінің өкілдері қатысты.

Страсбургке Эльзас және Лотарингия еңбекшілерінің делегаттары жыйналды. «Жаңа вермахт болмайды!», «Нацистер жойылсын!», «Бонн және Париж договорлары жойылсын!» деген ұрандар алып шыққан еңбекшілердің демонстрациядан кейін қалалық еңбек биржасында үлкен митингісі болды.

Митингте сөйлеген Эжени Коттон ханым «Совет Одағы ешкімге хауіп төндіріп отырмағандықтан «европалық армия» деп аталатын армия европалық та, қорғанудың да армиясы бола алмайды» деп мәлімдеді.

Ол Германияны қаруландыру соғысқа әкеліп соғатындықтан француздардың Бонн және Париж договорларын ратификациялатпауға міндетті екендігін атап көрсетті.

Митингке қатысушылар прогрессшіл республикашылар одағының мүшесі генерал Петидің Францияның сыртқы саясаты достық және өзара көмектесу туралы француз-совет договорын дәлме-дәл, мүлтіксіз орындауға тыянақталуға тиіс, деген мәлімдемесін ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Блуа қаласында ержүрек француз патриоты Анри Мартэннің председательдік етуімен бірнеше департаменттердің тұрғын адамдарының атынан келген 6000 делегаттың жыйналысы болды. Коммунистік партияның, социалистік партияның, католиктік және автономиялық кәсіподақтардың жергілікті ұйымдарының өкілдері өздерінің сөздерінде Германияны қаруландыруды болдырмауға шақырды.

ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕГЕРАН, 16 ноябрь. (СОТА). «Этталаат» газеті 12 ноябрьде Тегеранның соғыс өкмет орындары 268 адамды тұтқындап, олардың ішінен 218 адамды Харг (Персия шығанағы—ред.) аралына жер аударғандығын хабарлады. Жер аударылғандардың ішінде студенттер, орта мектептердің оқушылары, сауда қызметкерлері бар.

Мұнан әрі газет 14 ноябрьде тағы да 50-ге жуық купецтер тұтқындалғандығын, олардың магазиндерінің 12 ноябрьде жабылғандығын жазады.

МОСАДДЫККЕ СОТ

ТЕГЕРАН, 16 ноябрь (СОТА). Доктор Мосаддыктің және Иран армиясы бас штабының бұрынғы бастығы генерал Рияхидің ісі бойынша сот процесі әлі болып жатыр. Рияхидің қорғаушылары—полковник Азмин, контр-адмирал Заид 12 ноябрьде кешке, дивизия генералы Мир-Джалали 14 ноябрьде сөз сөйлеп, осы соттың Мосаддык пен Рияхидің ісін қарауға билігі жетпейді деп мәлімдеген.

екенін айтты. Сентябрь Пленумы колхоз өндірісін ұйымдастыруда МТС-терге зор міндет жүктеді. Бірақ, Образцовая МТС-і Пленум қаулысын орындау жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізе алмай келеді. МТС колхозбен жасасқан шартты жыл сайын орындамайды. Оның директоры Корнев жолдас мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру, әсресе, мал азығын буландырып, тұрап беру жөніндегі колхоздардың тілегіне құлақ аспай келеді.

— Біздің шаруашылықта, — деді Явленка совхозы партия ұйымының секретары Матвиенко жолдас, —сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөніндегі еңбек өрлеуі барған сайын қыза түсуде. Совхоз коллективі егінді қысқа мерзімде жыйнап, мал қыстату маусымына ойдағыдай әзірленді.

Сентябрь Пленумы ауыл- селодағы саяси жұмысты ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мақсатына бағындыруды талап етті. Пленум қаулысының жарияланғанына екі айдан астам уақыт өтті. Алайда, аудандық партия комитеті өзінің басшылық әдісін жаңа міндеттер дәрежесіне сай қайта құрған жоқ. Аудандық комитеттің мүшелері пленумның күн тәртібіндегі мәселелерді әзірлеуге қатыстырылмайды. Біздің ұйымда аудандық партия комитетінің секретарьлары сирек болады.

Матвиенко жолдас сөзінің соңында облыстық ұйымдардан келген кейбір өкілдер-

тырылмағанын айтты.

«Бұлақ» колхозының председателі Ағажанов, Пушкин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Меженков жолдастар ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің сауда жұмысын жақсарту туралы қаулысына байланысты колхоздар мен совхоздарды және село тұтынушыларын азық- түлік, өнеркәсіп товарларымен көптеп қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерге тоқталды. Ауданның сауда ұйымдары партия мен үкімет қаулысын жүзеге асыру жөнінде өздерінің жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға тиіс.

Ильич атындағы МТС- тің директоры Букатин жолдас өзінің сөзінде біркатар партия ұйымдары колхоз басқармасының жұмысына партия бақылауын жүргізу жөніндегі правоны жеткілікті пайдалана алмай келгендігін айтты. Көп жерлерде партия жыйналысы коммунистердің тәрбие мектебіне айналмай отыр.

Конференцияның соңында облыстық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Малявин жолдас сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының құрамын сайлады.

* * *

ҚКП аудандық комитетінің бірінші пленумы аудандық партия комитетінің секретарьлығына Плевако, Сәрсенбаев, Великанов жолдастарды сайлады.

болғанда тек шаруашылық жұмыстарымен ғана шұғылданып, партиялық-саяси жұмысты ұмыт қалдырады. Аудан 38 адамның партия мүшелігіне кандидаттық стаждарының мерзімі өтіп кетуін тек осымен түсіндіруге болады.

Семиполка МТС-і партия ұйымының секретары Бугаенко жолдас аудандық партия комитетінің социалистік жарысқа басшылық стилін сынады.

Астық дайындау мекемесінің директоры Сыромятников жолдас өзінің сөзінде аудандық партия комитетінің кейбір қызметкерлері мәселені тамыр- таныстыққа қарай шешетінін айтты. Аудандық комитеттің аппаратында Куц, Зимин, Корпич жолдастар бірінің жақынын бірі сүйеп, орынсыз мадақтайды.

Делегат Азаматова жолдас аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінің, әсресе, Мусин жолдастың комсомол ұйымдарына жете басшылық жасамайтынын, бұқаралық-саяси жұмысқа араласпайтынын сынады.

Конференция аудандық партия комитетінің жұмысына қанағаттанарлық деп баға берді, аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамын сайлады.

* * *

Конференциядан кейін ҚКП аудандық комитетінің бірінші пленумы болды. Пленум аудандық комитеттің секретарьлығына Кундеренко, Корпич, Ыбыраев жолдастарды сайлады.

Басшылық стилін жақсарту керек

Булаев аудандық XVII партия конференциясы

Конференцияда аудандық партия комитетінің есебі бойынша қызу жарысқа басталды. Делегаттар өздерінің сөздерінде ауданның егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуде жыл сайын артта қалу сырын ашып, сентябрь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асырудың нақтылы шаралары жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Конференция аудан партия ұйымының шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылығын жақсарту, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын насихаттау, социалистік жарысты кеңінен өрістету мәселелеріне баса назар аударды. Делегаттар колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу, ауыл-селодағы бұқаралық-саяси жұмысты, партия насихатын ұйымдастыру ісінде орын алып келген кемшіліктерді батыл сынады.

—Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндеті, — деді «Гигант» колхозының председателі Власюк жолдас, — село коммунистері мен комсомолцеттерінің авангардтық ролін арттыра беруді қажет етеді. Колхоз коммунистері колхозшыларды қоғамдық шаруашылықты өркендету күресіне белсене ұйымдастырып келеді. Аудандық комитет бастауыш партия ұйымдарының инициативаларын қолдап, олардың жұмысына үнемі бағыт беріп отыруға тиіс. Бірақ, біздің колхоздың бастауыш партия ұйымы аудандық партия комитетінен қажетті көмек ала алмай келеді. Есеп беріп отырған мерзім ішінде бастауыш партия ұйымының жыйналысында аудандық партия комитеті секретарьларының бірде-бірі болған емес. Партия ұйымының секретары болып тәжрибесі кем жас коммунист істейді. Алайда, аудандық партия комитетінің қызметкерлері оны партия ұйымының практикалық жұмысына үнемі үйретіп отырмайды.

Стаханов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Мендібаев, «Пламя» қолөнер артелі партия ұйымының секретары, Ростов жолдастар аудандық партия комитетінің төменнен көтерілген дабылға кезінде құлақ аспайтынын сынады. Мен қызметке орналасқан кезде, деді Ростов жолдас, артельде еңбек тәртібі нашар болды, шығарылған өнімнің 30-40 процентіне ақау жіберілді. Мен бұл жағдайды аудандық партия комитетіне барып, оның секретары Курлов жолдасқа айттым, онан қажетті көмек көрсетулі сұрадым. Бірақ, не пайда, менің орынды тілегім тиісті қолдауын таппады. Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің бірде-бірі соңғы кезде біздің артельде болып көрген емес.

Коминтерн атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Горбылев жолдас Булаев МТС-нің директоры Лепехин жолдастың трактор жұмысының кейбір көрсеткіштері орындалғанына масаттанып, істегі елеулі кемшіліктерді көрмейтінін орынды сынады. МТС дала жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде орындай алмады, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруда колхоздарға қажетті көмек көрсетпейді. Колхоз 1951 жылы сыйыр сауатын агрегат, быйыл май пайжағын сатып алды. Бірақ, бұл машиналар жұмысқа қосылмай отыр.

Мұнан кейін Горбылев жолдас аудандық партия комитетін үгітшілердің семинарларын кезінде өткізбегені үшін, бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнына жете назар аудармағаны үшін сынады.

Делегаттар Бочарева, Белый, Кизатов, Метель, Новоструев жолдастар өздерінің сөздерінде аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті жоғарғы партия, совет органдарының директивалары мен өздерінің қарарларын орындауды ұйымдастыру, тексеру мәселелеріне жете көңіл бөлмейтіндігіне тоқталды.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас қатысты. Ол өзінің сөзінде делегаттардың назарын сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолындағы міндеттерге аударды.

Конференция партия ұйымдарының жұмысын онан әрі жақсарту мақсатына бағытталған қаулы алды, аудандық партия комитетінің жаңа құрамын сайлады.

* * *

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумында ҚКП аудандық комитетінің секретарьлары болып В. Курлов, С. Имаков және Г. Шалимов жолдастар сайланды.

ТУЫСҚАНДАР ҮШІН ЛЕКЦИЯ

Қаладағы № 4 жетіжылдық мектептің оқытушылар коллективі туысқандарға арнап лекциялар оқып тұрады.

Жуырда оқытушы Е. Милкина жолдас туысқандарға «Ленин мен Сталин балаларды коммунистік рухта тәрбиелеу туралы», оқытушы К. Удовенчук жолдас «Баланың үйдегі және мектептегі еңбегі— оны коммунистік рухта тәрбиелеудің құралы» деген тақырыптарда лекциялар оқып берді.

Р. АМАНОВ.

ҚЫЗЫҚТЫ ЛЕКЦИЯ

Жуырда болып өткен облыстық комсомол комитеті пленумының қатысушыларына «картоп пен овощь дайындауды ұйайту» деген тақырыпта лекция оқылды. Лекция үстінде фотосуреттер мен басқа да көрнекі құралдар пайдаланылды.

Тыңдаушылардың көптеген сұрақтарына нақтылы жауаптар қайтарылды.

А. РАМАЗАНОВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Қашан көңіл аударар екен“

«Ленин туы» газетінің үстіміздегі жылғы 29 августағы номерінде «Қашан көңіл аударар екен» деген тілші хаты жарияланып, онда Аманкелді атындағы колхоздағы оқу үйінің жұмысы сынға алынған болатын.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды. Аудандық Совет атқомі жанындағы мәдениет бөлімі бұл жөнінде мәселе қарап, оқу үйінің жұмысын бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастыра алмағаны үшін оқу үйінің меңгерушісі Боденова жолдасты қызметінен босатты. Оқу үйі колхоз орталығына көшірілгіп, оның жұмысын басқаруға қолынан іс келетін жаңа меңгеруші тағайындалды.

Қ. ШЫНҒҰЛШИН,
ҚКП Ленин аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Азмуде бұл соттың осы істі қарауға білігі жетеді деп таласқан. Прокурор сөйлегеннен кейін Рияхидің қорғаушылары екінші рет сөйлеп, өздерінің келтірген дәлелдерін қайталаған.

ПАРИЖ, 16 ноябрь (СОТА). Франс-Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, доктор Мосаддықтың ісін қараушы сот Мосаддық пен генерал Рияхидің ісін қарауға өзінің билігі жетеді деп таныған. Бүгін сот мәжілісінде бас соғыс прокуроры генерал Азмуде айыптау сөз сөйлеген.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен санының бірінші бетіндегі «Облыс ауыл шаруашылығының еңбекшілері сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда» деген мақаланың «Колхоздар асыл тұқымды мал сатып алуда» деген тақырыпшасындағы үшінші бағананың екінші сөйлемін: «Контор жақында Мамлют асыл тұқымды мал совхозынан 24 «Элита» бұқаларын, Петропавлдан —45 ірі тұқымды шошқа сатып алды» деп оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КҮМІС ТҮСТІ ТОЗАҢ»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕНІҢ КІШКЕНЕ ДОСЫМ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан машина-жол станциясына түпкілікті жұмысқа ағаш шеберлері, штукатурлар, пеш салушылар, тасшылар, әйнек салушылар, автотрактор паркін және жол машиналарын жөндеу, пайдалану үшін слесарьлар, дизельшілер, двигательдер мен машина бөлшектерін жөндеу жөніндегі слесарьлар, металл кескіш жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарьлар, электршілер, токарьлар, темір ұсталары, аккумуляторшылар, вулканизаторлар, моторшылар, түрлі жұмысшылар, қойма меңгерушісі, экономист- инженер, секретарь -машинистка, тракторды жақсы білетін инженер- механик КЕРЕК.

Адрес: Орталық жылыту станциясы ауданындағы машина- жол станциясының мекемесі. Телефон 4-34.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.

УШ 02840. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.